

**«Кенжегул ана» бөбекжай балабақшасы» жауапкерлігі  
шектелулі серіктестігі**

**Педагогикалық кеңестің хаттамасы  
2025-2026 оқу жылы**

## ХАТТАМА

28.08.2025ж

Жаңа дала ауылы

Қатысқандар: -7

### *Күн тәртібінде:*

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы.
2. . Нормативтік құқықтық құжаттар. (Әдістемелік нұсқау-хат, стандарт пен бағдарлама, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі) ҚР Президентінің 2025 жылғы 14 наурыздағыҚР Президенті жанындағы ұлттық құрылытай отырысында тапсырмалар хаттмасына сәйкес
3. «Бір тұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын тақылау.
4. Балалардың балабақшадағы өмір қауіпсіздігін сақтауды ұйымдастыру.
- 5.Балабақшаның жаңа 2025-2026 оқу жылының оқу жоспарын және балабақша жұмысының жылдық жоспарын, педагогтардың перспективалық жоспарларын, күн тәртібін талқылау және бекіту
6. Әртүрлі мәселелер.

**1.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі: А.Жамантай барлық қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жыл бойы барлығымыз шабыттана жұмыс атқарып балалардың дамып ,білім алуына үлес қосамыз деген ойдамын деп жиналысты бастады. Биыл жаз бойы балалармен жазғы сауықтыруда жүргізілген ойындар, сауықтыру іс-шаралары мен спорттық эстафеталық жарыстар балалардың жазды көңілді өткізгенінің бір дәлелі. Жаз бойы әткеншек теуіп, түрлі іс-шараларға қатысып ауыл табиғатына саяхаттаған балалардың жазғы демалысының көңілді өтуіне үлес қостық деп есептеймін. Ал енді келер жылы жазғы сауықтыруда да балалар жан-жақты дамып әрі жаз мезгілін көңілді өткізуі үшін ерекше ,қызықты жоспар құрып сол жоспарға сай жұмыс атқару керектігінде айтып өтті. Жаз мезгілінде балаларға қызықты әрі пайдалы болуы үшін, дене бітімі өсіп,ақыл есі артуы үшін эстафеталық спорттық жарыстарды көптеп өткізу тиімді деп ұсыныс тастады. Тәрбиешілер келісім берді.

**2.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:А.Жамантай барша қызмтекерлерді нормативтік құқықтық құжаттар соның ішінде ҚР «Білім туралы» заңымен қысқаша таныстырып өтті. «Білім туралы» заңда барлық білім беретін ұйымдар соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтар еңбек заңнамасының 9-бабында меншік нысанына қарамастан тиісті білімді қазақ тілінде алу керектігі көсетілгенін сонымен қатар білім берудің тиісті деігейі тек мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүргізілуі тиістігі көрсетілген. Балаларға білімді ана-тілінде меңгерту балалардың отанға, жерге, елге, құрметпен қарауы ана-тілімізді толық таза меңгере білуіне де байланысты екендігін айтып өтті. Сондай-ақ ҚР «Білім туралы» заңының 11-бабында жалпы адамзаттық құндылықтарын көтеруге, жеке адамды қалыптастыруға ,дамытуға ,кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алып жеке тұлғаның шығармашылық,рухани және күш қуат мүмкіндіктерін дамыту салауатты өмір салтын қалыптастыра алуға мол мүмкіндіктері берілгенін айтып кетті. Ендігі кезекте 2025-2026 оқу жылындағы МЖМС және үлгілік оқу бағдарламасымен педагогтарды таныстырып өтті. Әр тәрбиешіге өз міндеттері жеке-жеке түсіндіріліп, бағыт бағдар берілді.

Сабақ кестесі түзіліп әр тәрбиешіге бала тізіме де бекітіліп берілді. Балабақшаның жылдық жоспары бойынша тәрбиешілерге әр айда өтетін іс-шаралармен ,ертеңгіліктер тізбесі көрсетіліп, жұмыс барысы толықтай түсіндірілді. Педагогикалық кеңесте педагогтардың өз ойларымен ұсынысары ортаға тасталды және ашық түрде мақұлданып ұсыныстары ескерілді. Бағдарлама бойынша түсініксіз жағдайлардың күн барысында сұрап үйрену ұсынылды. Жас мамандарға меңгеруші:А.Жамантай тарапынан көп қолдау керектігін айтып өтті меңгеруші:А.Жамантай келісті. Сондай-ақ меңгеруші:А.Жамантай балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы мен топтардың стандарт талаптарына сай жабдықталуы оқу құралары мен көрнекілік құралдарының жеткілікті болуы дамытушы орта,театр әлемі атрибуттар дайындалуы керектігін ескертіп педагогтарға тапсырма берілді. Әр топта табиғат бұрышы, денсаулық бұрышы болуын қадағалауды тапсырды.

**3. Сөз сөйледі:** меңгеруші:А.Жамантай «Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасы: балабақша,мектеп,колледжге арналған ұлттық құндылықтар жүйесі. Қазақстан болашағы-білімді де тәрбиелі ұрпақ. Осы мақсатта ҚР ОҚу –ағарту министрлігі «Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасын қабылдады. Бағдарлама балбақшадан бастап мектеп пен колледжге дейінгі білім беру ұйымдарында жүйелі тәрбие жұмысын жүргізуге бағытталған. Оның басты мақсаты –жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дарытып,

патриоттық рухты қалыптастыру, әділдік пен еңбекке баулу. Бағдарламаның негізгі бағыттары бағдарлама тәрбиенің ұштағанына сүйенеді: Ұлттық бірегейлікті сақтау, қоғамға қызмет ету, экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Осы құндылықтар негізінде тәрбие жұмысы төмендегі бағыттармен жүргізіледі: 1. Тәуелсіздік пен отаншылдық, 2. Бірілік пен ынтымақ, 3. Әділдік пен жауапкершілік, 4. Заң мен тәртіп, 5. Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, 6. Жасампаздық пен жаңашылдық. «Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасы-ұрпақ тәрбиесін балабақшадан бастап жүйелеуге арналған кешенді құжат. Ол жас буынды әділ, еңбекқор, отан сүйгіш, жауапкершілігі жоғары тұлға етіп қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай қадам елдің рухани жаңғыруына, ұлттық бірегейлікті сақтауға және бәсекеге қабілетті азамат тәрбиелеуге бағытталған деп сөзін аяқтады

**4. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі: А. Жамантай балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты. Тәрбиеші жұмыс істеудің негізгі ережелерін біліп, оларды мінсіз сақтай білуі керек. Ол баланың қауіпсіздігі оның іс – әрекеттеріне байланысты екенін түсінуі керек. Балабақшада тәрбиеші балалардың тұрған жерлерін қараусыз қалдыруға құқылы емес. Балаларды сабақтардың қауіпсіз өткізілуін қамтамасыз етуге, қажет болған жағдайда оқу процесінің жақсы жағдайына қол жеткізу үшін сабақ кестесіне өзгерістер енгізуге міндетті. Топтағы сақтық шаралары тәрбие жұмысына қатысы жоқ топқа және оның жұмыс орнына жатпайтын адамдарға қатыстылығына қатаң тыйым салынады. Тәрбиешінің орны, оның үстелі әрдайым тәртіппен сақталуы керек. Көрінбеген өткір заттарды (инелер, қайшылар, қылшықтарды, шпилькалар, қағазға арналған пышақтар және т. б.) ұстамаңыз. Жұмыста қайшыны борсық ұштармен ғана пайдалану керек. Сондай - ақ, киімдеріңізді түйреуіштер мен инелермен байланыстыруға қатаң тыйым салынады. Қалтада күрт және ұрып - соғатын заттар болмағанына назар аудару қажет. Экскурсияға кету кезінде тәрбиеші көшелерден автокөліктердің жанданған қозғалысына жол бермеуі керек. Жол ережесін қатаң сақтау керек. Әрбір тәрбиеші жолдағы балалар жаракатын болдырмау үшін сабақ жүргізуі керек. Олар әңгімелер, сызбалар, тренингтер, ойын - сауық ойыны, театрландырылған қойылымдар, автокөліктер мен басқа да көптеген ойындар арқылы ойын түрінде өткізгені дұрыс. Балабақшадағы және оның аумағынан тыс жерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету балалардың көшедегі мінез - құлық ережелері туралы тақырыптарды зерттеуді қамтиды. Жол - көлік оқиғасының себептері туралы, көшелерді көшіру кезіндегі мінез - құлық ережелері (жаяу жүргіншілердің міндеттері), көліктегі көлік қозғалысы туралы тақырыптар ұсынылады. . Жаяу серуендеуде баланың беймәлім жидектерді немесе саңырауқұлақтарды (жазда) жейтінін қамтамасыз ету маңызды. Балабақшаға медициналық көмек кезінде медбике үнемі жұмыс орнында болу керек.

Суықтың алдын алу үшін кейбір желдету режимдерін бақылау өте маңызды, бірақ жобалардан аулақ болу. Бөлмеде балалар үйірмеде болған кезде ауысады. Ойын мен жатын бөлмелері жеткілікті жеңіл болуы керек, ауа температурасы және ылғалдылық рұқсат етілген стандарттардан аспауы керек. Медбике мен балабақшаның бастығы асүйдің және балабақшаның санитарлық жағдайын бақылауға міндетті. Сатып алынған өнімдерді жарамдылық мерзіміне тексеру керек, яғни ең алдымен балабақшадағы балалар қауіпсіздігіне қызығушылық таныту . Медбике өнімдердің калориялы мазмұнын есептеп, түрлі жастағы балалар үшін әрбір күн үшін мәзір жасай алады. Кейде балаға шұғыл медициналық көмек қажет болған жағдайлар болуы мүмкін. Бұл жағдайда жедел жәрдемге келгенге дейінгі медициналық көмек медициналық қызметкер, ал егер ол жоқ болса - тәрбиеші. Жұмыс күнінің соңында балалармен жұмыс істеу нұсқаулары, егер бөлмеден шыққаннан кейін ешкім қалмаса, топты тексеруге қамқоршы жауапты. Барлық электр аспаптарын өшіріп, бөлмені желдетіп, барлық терезелер мен терезелерді жабу керек деп сөзін аяқтады. Сондай –ақ тәрбиешілер балалардың қауіпсіздігі жөнінде толықтай әрі қарай оқып біліп алуы керектігін тапсырды. Тәрбиешілер келісті.

**5. Балабақша меңгерушісі:** А.Жамантай 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарымен педагогтарды таныстырып сол жоспар негізінде жасалған айлық жоспарды әр педагогқа жеке-жеке бекітіп берді. Жоспар бойынша ең алғашқы өткізілетін 1-қыркүйек білім күні одан кейін тіл мерекесі мен Республика күніне орай өткізілетін іс-шара жоспарыда қысқаша айтып түсіндірді. Педагогтардың перспективалық жоспары мен циклограммасы сәйкесінше балаларға толық меңгертілуі қажет екендігін тәрбиеші Ұ.Жұмабай айтып өтті. Күн тәртібі талқыланып бекітілді. Тәрбиешілерге бір нұсқада қолдарына бекітіліп берілді. Меңгеруші: А.Жамантай сондай-ақ медбике: Г.Назаркулова әр топтың тазалығы ыдыстар мен жуынатын құралдардың барлығы санитар талаптарына сәйкес қадағалануы тиісінше жұмыстар атқарылуы әр жуынатын бөлмеде сұйық сабын болуы, әр баланың жеке сүртінетін құрғақ сүрткіші болуы керектігін ескертті. Медбике: Г.Назаркулова келісті. Т.б. ескерілсін.

**5. Сөз сөйледі:** меңгеруші: А.Жамантай жұмыс уақытында педагогтар балаларды жылы кабакпен күтіп алуы, жұмысқа кешікпе келіп міндетін талапқа сай орындауды ескертіп өтті. Балаларға тәрбиемен білім беру барысын іскерлік формада өткізу маңыздылығын айтты. Әр ертеңгіліктер өткізілер кезінде балалардың денсаулығымен өмір қауіпсіздігі бірінші орында тұру керектігі жіті бақылану керектігін әдіскерге тапсырды. Балабақшаның жалпы тазалығын қадағалау медбике: Г.Назаркуловаға жүктелді. Сонымен қатар биылғы оқу жылында жасына сай топтарға

тәрбиешілер төмендегіше бекітілді. Ерсек тобына тәрбиеші Л.Зиябекова, Аралас «Қарлығаш» тобына Н.Пазылхан, Кіші «Айшуақ» тобына Н.Буменова, Аралас «Балапан» тобына Ұ.Жұмабай тәрбиешісі болып бекітілді.

### Шешім:

1. Педагогтар нормативтік құқықтық құжаттар тізбесін меңгерсін.
2. Барлық топта стандарт талаптарына сай сабақ жүргізілсін.
3. Барлық топ керек құрал жабдықтармен қамтамасыз етілсін.
4. Балабақшада тазалық тиісті деңгейде жүргізіліп оны медбике қадағаласын.
5. Тәрбиешілердің перспективалық және циклограммасы арқылы жүргізілген жұмыстар әр ай соңында меңгеруші тарапынан тексерілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



## ХАТТАМА

03.10.2025ж

Жаңа дала ауылы

Қатысқандар: -7

### Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
  2. Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы (Ескертпелі бақылау)
  3. Ай сайынғы балалардың балабақшаға келуі мен жеке бас гигиенасын бақылау. (Жедел)
  4. Мәдени гигиеналық дағдылардың қалыптасуы. Тамақ ішу мәдениеті. Тамақтану режимін сақтау. (Оперативті бақылау) ересек және аралас топ.
- Таңғы жаттығулар мен сергіту сәтінің күнделікті баланың жасына сай ұйымдастырылуын бақылау.
5. Республика күні және алтын күз меркесінің сценарилеріне бақылау, талқылау. Тәуелсіздік күні және жаңа жыл мерекелерін өткізубойынша жоспар құру, ата-аналармен сұқбаттасу.
  6. Перспективалық жоспарлар мен апталық циклограмма бойынша тақырыпқа сай көрнекі құралдардың болуын қадағалау.

**1.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:А.Жамантай өткен кеңес шешімі бойынша балабақша топтары талапқа сай безендірілгенін,құрал саймандар мен керек жарақтар бар екендігін айтты. Жылдық жоспар бойынша барлық топта тиісті іс-шаралар мен ертеңгіліктер,ашық сабақтар өткізіліп жатқандығын айып кетті. Балабақшада әр топтың тазалығы күнделікті тексеріліп қадағалынып жатқандығын медбикеден сұрады. Әр топта тазалық құрадары жеткілікті екендігін меңгеруші айтып өтті. Тәрбиешілердің күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізуі қадағалынып жатқандығын атап кетті. Сонымен қатар тәрбиешілердің перспективалық жоспары мен апталық циклограммасы ар апта соңында тексеріліп жатқандығын айта кетті.

**2.Сөз сөйледі:** меңгеруші:А.Жамантай педагогтарға жыл басындағы бекітілген күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізу керектігін ескертіп өтті. Күн тәртібі бойынша жүргізілген жұмыс тиімді әрі дұрыс болатынын атап

кетті.жылдық жоспар бойынша балаларды қауіпсіздігі сақталып медбикемен бірге жыл мезгілінің қолайлылығына қарай серуен ұйымдастыру керектігін, серуенде балаларға ой-өрісін дамыту үшін отанға, елге, жерге, ауылға сонымен қатар ата-ананы құрметтеуге баулитын тақырыптар қозғалу керектігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісті.

**3.Тыңдалды:** балабақша медбикесі:Г.Назаркулова балабақшадағы балалардың жеке бас тазалығын күнделікті балабақшаға келген кезде көріп тексеріп қадағалайтынын айтып өтті. Егер баладан қандайда мазасыздану, температурасы көтерілу сияқты жағдайды байқаса алғашқы дәрігерлік көмек көсетіп содан соң ата-анаға, меңгерушіге хабар беретінін айтты. Балабақшаға келмей қалған балалар болса тәрбиешімен бірге келмеу себебін анықтап жағдайдан хабардар болатынын айтып өтті.Балаларды жағдайға байланысты жеке бас тазалығы да тексеріліп отырады және үнемі ата-анамен байланыста болатынында медбике Г.Назаркулова баяндап өтті.

**4.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:А.Жамантай мектеп жасына дейінгі балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастыруы бірінші орынға қойылуы керектігін айтты. бақшада әсіресе ересек және мектепалды даярлықтың балалары қалыптастыруы керектігін ерекше атап өтті. Ересек балалар алдағы уақытта мектеп табалдырығын аттайтын болғансоң мәден гигиеналық дағдыларды қалыптастыру міндетті деп айтты. Балалар тамақтануға отырар алдында киімдерін реттеп қолдарын сұйық сабынмен жуып дастархан басында әдептілікті сақтап отыруы керек, сонымен қатар қасықты оң қолмен төкпей, шашпай ұқыпты жеу керектігін меңгеруі тиіс. Үстел басында балалар тамақтану барысында бір біріне кедергі болмай әдеп сақтауы керектігін түсінуі керек. Әрине оған тікелей әсер ететін тәрбиеші апайлар сіздерсіздер деп айтты. Күн тәртібіне сай тамақтану барысында осы мәдени гигиеналық талаптарды балаға меңгерту тікелей апайлар сіздерге байланысты. Ересек және Аралас тәрбиешілері Ұ.Жұмабай мен Л.Зиябекова келісті. Сонымен қатар күн тәртібіне сәйкес барлық топ балалары таңғы жаттығу мен сергіту сәтін жасына сәйкес орындау керектігі айтылды. Балалар таңғы жаттығу кезінде өз жас ерекшелігіне сәйкес жасауы керек. Олардың денсаулығына зиян келмеуі керек. Сергіту сәті де баланы жалықтырмайтын, мағыналы болуы керек. Тәрбиешілер келісті.

**5.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:А.Жамантай алдағы уақытта өкізілетін іс-шаралар жөнінде айтты. Қазан айындағы жылдық жоспар бойынша республика күніне байланысты іс-шараны ұйымдастырып өткізу барысында балалар қауіпсіздігі басты орында боуын тапсырды. Сондай-ак бір тұтас тәрбие бағдарламасы бойынша өткізілетін алтын күз мерекесіне, жаңа жыл мерекесін ерекше атап өткізуге дайындық бастауды,жоспарын



ХАТТАМА

06.01.2026ж

Жаңадала ауылы

Қатысқандар: -9

*Күн тәртібінде:*

1. Өткен пед кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Қысқы серуенді ұйымдастыру. Балаларды серуенге шығаруға дайындықты талқылау.
3. Мәдени гигиеналық дағдылардың қалыптасуы. Тамақ ішу мәдениеті. Тамақтану режим
4. Өткізілетін іс-шара жоспарларын талқылау, дайындық жүргізу.
5. Әртүрлі мәселелер.

**1.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі А.Жамантай өткен пед кеңес шешімі бойынша балабақшадағы тәрбиеленушілермен күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізілгендігі ата-анамен күнделікті қарым-қатынас жасау барысында ертеңгілітеріміз сапалы, қауіпсіз өткізілгенін айтты. Балабақшада медбике тарапынан тазалық бақылауда болып айтарлықтай тұмау белгілері байқалмағанын айтып өтті.

**2.Сөз сөйледі:** меңгерушісі: А.Жамантай қыс мезгіліндегі ұйымдастырылған серуеннің ерекшелігін айтты. Балаларды қалың киімдерін киіндіріп балабақша маңына қысқы серуенге шығару керектігін, ондағы қыс мезгілінің ерекшелігі яғни табиғат құбылыстарымен таныстыру керектігін қар туралы кеңінен мәлімет беру керектігін ескертті. Қысқы серуенге шыққанда балалардың өмір қауіпсіздігі сақталуы тәрбиешілер өздеріде қауіпсіздікті сақтау тиіс екендігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісті. Серуенге шығарда балаларға асықпай, жүргірмей тәрбиеші апайдың айтқанын тыңдау секілді дайындық жүргізуді тапсырды. Міндетті түде серуен барысында медбикеді балалармен бірге баруы тиіс екендігі ескерілді.

**3.Сөз сөйледі:** меңгерушісі: А.Жамантай балабақшаға балалар тәрбиеленуге келген соң балаларға балабақшадағы мінез-құлықты қалыптастыру керектігін айтты. Ал мінез құлықты қалай қалыптастырамыз әрине мәдени гигиеналық

дағдыларды дамытудан бастаймыз.Тәрбиешілер күн барысында баланың іс-әрекетін бақылауда ұстауы керек. Балалар тамақтануды бастағанға дейін қолын сабындап жууды,әр кім өз сүлгісіне сүртіну оны орнына іліп қою секілді әрекетке дағдыландыру қажет. Балалар тамақтануға үстел басына отырғанда қасықты оң қолымен ұстап ішуге, төкпей-шашпай ішуге бір-біріне кедергі болмауға балағны дағдыландыру керектігін айтып ескертті. Тәрбиешілер келісті. Сонымен қатар балалар әдепті, кіші пейіл болуы керектігін жаман әдепсіз сөздерді айтпауға,достарына шыншыл,адал болуға тәрбиелеу керектігі де сөз етілді.

**4.Сөз сөйледі:** меңгеруші:А.Жамантай жоспар бойынша өткізілетін іс-шараларға дайындық бастау керектігін айтты. Осы қаңтар айында «Көшедегі қауіпсіздік» және Ересек тобымен ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өкізілуі жөнінде сондай-ақ Аралас «Балапан» тобында өрт қауіпсіздігін нығайту мақсатында өткізілу керектігін іс-әрекеттерге алдын ала ұжым болып дайындық жүргізуі керектігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісті. Сонымен қатар медбке Г.Назаркулова тәрбиешілерге мәдени гигиеналық дағдыларды қалыптастыру бойынша кеңес өткізуі керектігін ескертті. Тәрбиешілер мен медбике келісті. Осы іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуін қадағалайтынын айтты.

**5.Тыңдалды:** әр топтың тәрбиешілері алдағы өткізгелі жатқан іс-шаралардың өту барысы бойынша өз ұсыныстарын ортаға салды. Ұсыныс меңгеруші тарапынан мақұлданды. Балаларды дамытатын түрлі көрнекі құралдар жасалсын.Балабақшада тазалықсақтау, шынықтыру шаралары жиі өткізілсін.

### Шешім:

1. Балаларды қысқы серуенге балабақша маңына шығарылсын.
2. Педагогтар жоспарға сай іс-шараларды өз деңгейінде өткізсін және жоспар бойынша күнделікті жұмыстар жүргізілсін.
3. Балабақшада тазалық сақталсын. Мәдени гигиеналық дағдыларға қалыптастыру жұмыстары ұдайы жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:

